

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

3

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

МАМЫР
МАЙ
MAY

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 367 (2017), 251 – 259

M. O. Nassimov, B. Zh. Paridinova

«Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan.
E-mail: nasimov_m@mail.ru

POLITICAL THOUGHT OF THE MEDIEVAL EAST AND THE EUROPEAN MIDDLE AGES

Abstract. The study of the history of world political thought is necessary not only for a better knowledge of the current political life, but also to predict the future. Because knowledge of the past helps to avoid mistakes and errors and not to repeat them.

Political thought of the Middle Ages permeated by concern about finding the foundations of sustainable order and moderate forms of government. In the Arab East, Central Asia, the various teachings proved Islam and urged people to obey authorities. The writings of famous philosophers displayed political ideas and concepts of the state and the political system.

The European political thought of the Middle Ages was characterized by birth, domination and expansion of feudalism and the great influence on the spiritual life of society of religion and the church. Therefore, understanding of the works of medieval thinkers is impossible without knowledge of the basic ideological postulates of Christianity which became the theoretical basis for this period of the development of European public opinion.

The aim of the study - to figure out the basics of the political thought of the Medieval East and the European Middle Ages, its main directions and trends, get acquainted with the theories of prominent thinkers of the time. The object of research is the political thought of the medieval East and the European Middle Ages. The subject of research are the development and main directions of political thought of the medieval East and the European Middle Ages.

Keywords: political thought, the medieval East, the European Middle Ages, the basic concepts, the representatives of the political thought of the medieval East and the European Middle Ages.

ӘОЖ 32.019.52

М. Ө. Насимов, Б. Ж. Паридинова

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан7
E-mail: nasimov_m@mail.ru

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ШЫҒЫСТАҒЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ОЙЛАР

Аннотация. Әлемдік саяси ойлар тарихын зерттеу ағымдағы саяси өмірді толық тану қажеттілігімен қатар, келешекті болжау үшін де қажет. Өйткені өткенді білу ықтимал қателіктер мен жаңсақтықтарды қайталамауға мүмкіндік береді.

Орта ғасырлардағы саяси ойлар баянды тәртіп негіздері мен басқарудың бір қалыпты түрлері ізденісімен байланысты. Арабтық Шығыс пен Орта Азияның түрлі ілімдері исламды қолдады және тұрғындарды билікке бағынуға шақырды. Танымал ойшындар еңбектерінде мемлекет және мемлекеттік құрылыс туралы саяси идеялар мен тұжырымдамалар көрініс тапты.

Еуропалық орта ғасырлардың саяси ойлары феодализмнің пайда болуы, үстемдігі мен ыдырауы және қоғамның рухани өміріне дін мен шіркеудің зор ықпалымен сипатталады. Сондықтан орта ғасырлық ойшындар еңбегін түсіну үшін еуропалық қоғамдық ойлар дамуының теориялық іргесі болып табылатын христиандықтың негізгі идеологиялық пікірлерін білу қажет.

Зерттеудің мақсаты – орта ғасырлық Шығыс және еуропалық орта ғасырдағы саяси ойлардың даму негіздерін, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау, кезең ойшылдарының теорияларымен танысу. Зерттеу нысаны – орта ғасырлық Шығыс және еуропалық орта ғасырдағы саяси ойлар болып табылады. Зерттеу пәніне орта ғасырлық Шығыс және еуропалық орта ғасырдағы саяси ойлардың дамуы және негізгі бағыттары жатады.

Түйін сөздер: саяси ойлар, орта ғасырлық Шығыс, еуропалық орта ғасыр, негізгі тұжырымдамалар, орта ғасырлық Шығыс және еуропалық орта ғасыр саяси ойларының өкілдері.

Орта ғасырлық Шығыстағы саяси ойларды зерттеу үлкен мәдени, тарихи және танымдылық маңыздылығы зор. Шығыс ойшылдары мен философтарының қоғамдық өмірдің салалары, саясат, қоғам туралы көзқарастары батыстық ойлардан әрдайым айырмашылықтары болған. Бұл ерекшеліктерді ажырату орта ғасырлардағы батыстық саяси ілімдердің жағымды және жағымсыз жақтарын тануға мүмкіндік береді.

VII ғасырдың басында Араб тұрғындары дәуірлер ауысу кезеңін басынан өткерді. Ежелгі мемлекеттер құлады, сауда жолдары ауысты, көне және жаңа әлеуметтік топтар араласты. Рулық құрылыс бірте-бірте феодализммен ауыса бастады. Дәстүрлі рулық сенім өз маңыздылығын жоғалта бастады. Осы тарихи шарттарда жаңа әлемдік дін – исламның негізі қалана бастады. 610 жылы Мекке тұрғыны **Мұхаммед (с.ғ.с.)** [1] (571–632 жж.) ежелгі арабтық көп құдайға табынушылыққа қарсы шығып, бүкіл әлемді, адамзатты, барлық тіршілік иелерін жаратушысы Алла Тағалаға бағыныштылық ілімін таратады. Алғашында ол жергілікті ақсүйектер тарапынан қуғынға ұшырап, 622 жылы Мұхаммед (с.ғ.с.) және оның ізбасарлары Мекеден Мәдинаға көшті. Осы жылдан бастап мұсылмандық күнтізбе жүргізіле бастады.

Мұхаммед (с.ғ.с.) уағыздары сенушілер тобын тез арада біріктіре алды. Бірнеше жылдардан кейін мұсылмандардың Мәдиналық жамағаты өсіп, Арабияның діни орталығына айналып, теократиялық Араб халифаты құрылды. VIII ғасырдың ортасында халифтер өз билігін Солтүстік Африка, Сирия, Палестина, Ирак, Иран, Пиреней түбегі, Кавказ және Орта Азияға тарата бастады. Араб халифатында үстемдік еткен ислам әлемдік дінге айналды.

Дін ортағасырлық араб философтары мен ойшылдарының көзқарастарына ықпал жасады. Сонымен қатар, антикалық философия өкілдері, әсіресе, Платон мен Аристотельдің философиялық жүйесі ерекше әсер етті.

Орта ғасырлық мұсылман ойшылдары өкілдерінің арасында **Әбу Насыр әл-Фарабидің** [2-5] (870–950 жж.) орны ерекше. Платон мен Аристотель ілімдеріне сүйене отырып, адамзат бақытының негізгі қызметі саналы таным көмегінен туындайтын бақытта деп есептеді. Орта ғасырлық философтар арасынан бірінші рет саяси ғылымдардың пәні мен міндеттерін айқындай отырып, қоғамдық өмір туралы ғылымдар қатарына жатқызды.

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы адамзаттың саяси ойларының дамуына үлкен әсерін тигізді. Әлемнің екінші ұстазы саналатын ғалым араб, латын, иврит және басқа да тілдерде жүзден аса еңбегі қазіргі қоғамға мұра болып қалды. Жалпы ғұламаның шығармашылығы туралы төмендегідей мәліметтер бар: Ибн-Надим «Әдебиеттер тізімі» кітабында Фараби еңбектерінің жетеуін көрсетсе, Саид әл-Эндалуси өзінің «Ұлыстар» еңбегінде оның төрт кітабын енгізген. Ал, әл-Қифти «Билеушілер тарихы» атты еңбегінде Фарабидің 74 шығармасын атаса, Ибн Әби Усейба 113 еңбегі бар екенін «Тәуіптер жайлы дерек көздер» атты кітабында жазады.

Ғұлама ғалым бар мүмкіншіліктерін өз зерттеулерін жаңалап отыруға арнағандықтан болар, өз кезегінде бұл ғылыми мұралар Шығыс пен Батыс ғылымы мен мәдениетінің дамуына зор ықпалын тигізді. Ибн-Баджа, Ибн-Туфайль, Ибн-Рушд, әл-Бируни, Ибн-Сина, О. Хайям, Р. Бэкон, Ф. Аквинский секілді өзге де ойшылдар өз шығармашылығында әл-Фараби еңбектеріне сүйенді.

Ғалымның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында қалаларды қалай басқару керектігі туралы, олардың көркеюіне, ондағы тұрғындар тұрмысының жақсаруына көмектесу, оларды бақыт жолына бағыттап отыруға қатысты ерте заман ойшылдары айтқан көптеген негізгі қағидалары қамтитын нақыл сөздер берілген.

Ізгі қала бес түрлі адамдардан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан. Ең құрметті адамдар санатына даналар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде беделді болатын адамдар жатады. Олардан кейін діни қызметкерлер мен шешендер, атап айтқанда, дін уағызшылары, сөз шеберлері, ақындар, музыканттар, хатшылар және

солар сияқтылар да солардың тобына жатады. (137-бет). Өлшеушілер дегеніміз – есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және басқа сондайлар. Жауынгерлер дегеніміз – жасақшылар, сақшылар және соларға ұқсастар солардың тобына жатады. Байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар: егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер және басқа сондайлар [6].

Ізгі полития дегеніміз – әкім қайырымдылыққа жеткенде басқаша жолмен емес, дәл сол политияның көмегімен жетеді; бұл адамзаттың қолы жететін ізгіліктердің ең ұлысы. Басқарылатындар арқылы ғана жетуге болатын ізгіліктерге бұл дүние мен о дүниелік өмірде жетеді. Бұл дүниелік өмірде олардың денені әрқайсысының жаратылысына сәйкес мүмкін болған дәрежеде тамаша сындарлы келеді, ал олардың жаны сол жандардың әрқайсысының жаратылысына және олардың ол дүниедегі рақат өмірінің себебі болатын қайырымдылыққа жету қабілетіне қарай мүмкін болған дәрежеде тамаша, жақсы қалпында болады. Олардың өмірі – қандай да болсын басқа өмірден, басқа адамдардың өмірінен әлдеқайда жақсы өмір [6, 196 б.].

«Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» трактатында әл-Фараби Бірінші Тұлғаға төмендегідей сипаттама береді: «... барлық жеке біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. [Жалғыз] сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде – Одан басқасында – ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше [кемшілік] бар. Ал Біріншіні алатын болсақ, ол мұндай кемшіліктің бәрінен ада, өйткені оның тіршілігі кәміл және болмысында басқасының бәрінен озық...» [7].

Ғалымның пікірінше, өз бойында туа біткен қасиеттерді ұштастыратын адам ғана қайырымды халықтың басшысы бола алады: «бұл адамның мүшелері мүлдем мінсіз болуы тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушісіне ойындағысын және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұларды ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; әйтеуір, бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкөтерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болу шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болу шарт; өнер-білімге құштар болу, оқып үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек; тағамның, ішімдік ішуге, сұқ-сұбқат құруға келгенде қанағатшыл болу керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек; жанын асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс; дирхам, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарау керек; жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлық және осылардың иелерін жек көру керек; жақындарына да жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білігінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет; әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында нойыс мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болу шарт; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болу керек» [7, 335-337 бб.].

Ислам саяси ілімдеріндегі мемлекеттің классикалық теорияларының өкілі ретінде **әл-Ғазали** [8] (1058–1111) саналады. Ойшыл бірыңғай ислам мемлекетін саяси орталықтандыру жолдары арқылы нығайту идеяларын ұсынды. Діни және зайырлы билік арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңу үшін мынадай әрекеттерге бару қажеттілігін айтты: біріншіден, саясатты дін мен моральдың қажетті құрамдасы ретінде қарастыру; екіншіден, дінді адамның әлеуметтік өмірінің негізі, ал билікті оның мызғымастығын сақтауды қамтамасыз ететін қорғаныс ретінде қарастыру; үшіншіден, діни және зайырлы билік одақтасуы қажет және бірыңғай ислам мемлекетін сұлтан басқара алатындығын ескеру.

Ғазалише адамның кемелденуі, ахлақты тәрбиелеу, көркемдеу, яғни адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытып, кемеліне жеткізу болып табылады. Ойшыл кемел адам құндылықтарының жүйесіндегі этикалық категорияларының әрбірін жеке талдады. Осы адамгершілік категориялары бір-бірімен тығыз байланысты. Бұлар адам бойында жиналып, өзара үндестігін тапқанда барып адам кемелдікке жетеді деген пікірді дәлелдеді.

Жақсы адам басқалардан кемшілік іздемейді, олардың кемшіліктерін түзетуге тырысып, адамдар жайында тек жақсылық қана ойлайды. Адамның өзін достарынан кіші көруі, олар хақында ізгі ойда болуы және оларды өзінен жоғары санап, оларды қатесіз, өзінің кемшілігін мойындау сияқты әрекет - көркем мінезге ұластыратын түсінік. Адам әрдайым өзгелердің іс-әрекеттеріне қатысты игі ойлап, басқалардың да өзі хақында дұрыс ойлайды деген ойға сарқа сүйегені мақұл. Ол басқалармен қарым-қатынасында жасанды емес, шынайы болғаны жөн. Ал енді басқалар мен жайында жақсы ойда болсын деп жасанды амал қылғандар өздерін де, басқаларды да алдаушылар дейді Ғазали [9].

Бірнеше поэмалардың авторы, ойшыл-ақын **Низами Ганджеви** [10] (1141–1203 жж.) патшалар мен феодалдардың әрекеттерін сынға алып, билеушілердің жұмысшылармен адамгершілік талаптарымен жұмыс жасауын талап етті. Оның пікірінше, «Зорлық-зомбылық – жамандық, сенің райаттарды (шаруалар) әлпештегенің дұрыс шығар», «Зорлық-зомбылық – патшалықты талқандаушы», «Мәңгі бақыт (немесе үстемдік) қанаушылықтан емес».

Ойшылдың пікірлері мынадай көзқарастарға келеді: Билеуші әділетсіздік пен бассыздыққа жол бермеуі керек. Патшалық әділетті заң арқылы ғана тұрақтылығын сақтайды. Билеушілерді адамгершілікке шақырған ол, кейін өз ойларынан айнады. Барлық билеушілер бір-бірімен ұқсас және халыққа тек зорлық-зомбылық пен жәбірлеушілік әкеледі деп шешті. Өзінің «Искандернаме» поэмасында саяси және заттай теңдік орнаған ізгілікті қоғам туралы баяндайды: біздің қоғамда барлығы бір-біріне көмек береді, кедейшілікті ешкім білмейді. Біз ұрылардан қорықпаймыз, қаламызда әскербасы, ауылда күзетшілер жоқ... Үйлерімізде құлып жоқ, қорадағы сиыр мен қойларымызға қарауыл қоймаймыз... Алтын мен күміске қызықпаймыз, ол ешкімге қажет емес. Елімізде сот өкілі жоқ, азаматтар соғыспайды, қан төгілмейді... Ойшыл нәсілдер теңдігін үндейді: «Ақ та, қара да – барлығы жердің балалары; эфиоп – темір секілді қара, оның терісі қара болғанымен, жаны таза!»

Ибн Халдун [11; 12; 13] (1332–1406 жж.) Таяу және Орта Шығыс халықтарының қоғамдық-философиялық ойларының дамуына үлес қосудан қатар, әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда өзіндік ізін қалдырған ұлы ойшылдардың бірі. Көптеген еуропалық тілдерге аударылған оның шығармашылығы Шығыстағы мұсылман елдермен бірге, Батысқа да танымал. Сондықтан оның тұлғасы мен шығармашылығы Батыс пен Шығыс ориенталистерінің жан-жақты зерттеулер мен сараптамалар жүргізуге қызығушылық туындатып отыр.

XIV ғасырда өмір сүрген Ибн Халдунның шығармашылық мұрасы арқылы сол заманның философиялық-дүниетанымдық ұстанымдары мен әлеуметтік-саяси мәселелерімен таныса аламыз. Зерттеу барысында көптеген ғалымдардың Ибн Халдун ғылыми мұрасының қоғамның дамуына зор ықпал жасап, жалпы адамзат құндылықтарын дәстүрлі Шығыс рухани байлықтарымен байланыстырғандығы баяндалады.

Ойшылдың әлеуметтік-саяси көзқарастарын зерттеудегі негізгі материал болып оның әйгілі еңбегі «Үлкен тарих» немесе «Құнды мысалдар кітабы және арабтар, парсылар, берберлер мен олардың кең ауқымды билігі бар замандастары туралы мағлұмат диуаны» болып табылады. Әсіресе, «Үлкен тарих» кітабындағы «Кіріспе» («Мукаддима») [14] саяси философияда маңызы жоғары дерек көзі болып табылады. Бұл еңбек ғалым дәуірінің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің көрсеткіші. Еңбекте адам тұлғасының әлеуметтік табиғаты мен дүниетанымдық қабілеттілігі, мемлекет дамуының заңдылықтары мен алғышарттары, мемлекетті табысты басқару тетіктері қарастырылады. Сонымен бірге, әділ саяси басқару, мәдениет пен өркениеттің дамуы, тұлғаның және қоғамның заңды өмір сүруі жайы бойынша талдаулар жасалып, ойшыл өз көзқарастарын білдірген.

Ибн Халдунның ғылыми ізденістерінің бір бағыты өркениеттің гүлденуі және құлдырауына арналады. Ол қоғамдық-саяси және экономикалық тұрақтылықты бекіту, ұлттың дамуы мен мезгілсіз экономикалық дағдарыстан шығу мен мемлекет пен өркениеттің саяси ақырын болдырмау мақсатында келесі шараларды ұсынады:

1. Кәсіпкерлік бостандығы мен жеке меншікті қатал тәртіппен реттеу және қорғау;
2. Заңның басымдылығы мен соттық жүйенің әділеттіліктің орнатылуындағы беріктігі;
3. Қоғамдық және сауда-саттық қатынастардағы қауіпсіздік;
4. Жұмыспен қамтамасыз ету, өнімділік пен пайданы арттыру үшін салық салудың төмендетуі;
5. Бюрократиялық аппарат пен жалдамалы әскерлердің

қысқарту арқылы тиімділігін арттыру; 6. Сауда, өнеркәсіп және коммерциялық әрекетке мемлекеттің араласуын шектеу; 7. Мемлекеттің баға орнатуына жол бермеу; 8. Мемлекеттің қолдауымен нарықтың монополизациялауына жол бермеу; 9. Ақшаның құнымен спекуляцияға жол бермейтіндей мемлекеттен тәуелсіз монетарлық саясат; 10. Халық санының артуы мен нарықтың арнайы кәсіптелу деңгейінің жоғарылауы; 11. Тәуелсіз ой мен әрекетті дамытуға бағытталған шығармашылық білім беру жүйесі; 12. Жақсы істерді құптап, жаман әрекеттерге тосқауыл қоятын әділ қоғамдық жүйені қалыптастыратын ұжымдық жауапкершілік пен ішкі әділдік сезімі.

Құдайға сенетін және міндеттерін орындаушы мұсылман ретінде Ибн Халдун әділдік пен қоғамның қайырымдылығы мәселелеріне аса зор көңіл аударды. Оның экономикалық әрекеттегі басты ұстанымы, барынша көп адамның мұқтаждығын өтеу негізінен бастау алса, батыс саяси экономикасының негізін салушылардың бірі Адам Смит экономикалық жүйені көтеруде тек жеке адамның өз пайдасын ойлауын алға тартады.

Қоғамдағы әділдікке қатысты, әсіресе, экономика саласында, Ибн Халдуннің көзқарасы бойынша ұлттың даму, оның өркендеуі мен көркеюіне алып келетін жалғыз жол – әділдік арқылы жүзеге асады. Қоғамдық әділдікті түсінуін Ибн Халдун толық шынайы Құран қағидаларына сүйенген «Әділдік бұл – адамдар арасындағы орнаған баланс» принципі арқылы көрсетті [15].

Демек, ойшыл әлеуметтік-саяси мәселе турасында өз заманының қоғам және мемлекет тұжырымдамасын қалыптастыра білді. Ибн Халдун доктринасындағы тағылық пен өркениет адамзат қоғамы дамуындағы сапалық жағынан түрлі кезеңдер болып саналады. Ол бір аймақ шеңбері немесе біршама жақын деңгейде көрініс табатын құбылыс. Осыған сәйкес, «өркениетке өту қоғамның ішкі дамуының нәтижесінде емес, өзгенің жоқшылығы нәтижесі деп білеміз».

Ибн Халдун көп қырлы талдауларға сүйену арқылы бәдәуи және қала қоғамына мынадай сипаттамалар береді (экономика, саяси құрылыс, этникалық жағдай түрлеріне қарай бөлген):

1) бәдәуи қоғамы: а) қажеттіліктермен қамтамасыз етілген натуралды шаруашылық; ә) асабиййа, яғни, көсемдер (ақсақалдар) билігіне негізделген әлеуметтік өзара байланыстар түрлері; б) пейілдердің қарапайымдылығы және табиғилығы, әлеуметтік байланыстағы орнықты тұлғалық жағдай.

2) қала қоғамы: а) даңғазалық, қажеттіліктен тыс асыра сұранысқа ие тауарлық шаруашылық; ә) үстемдік пен бағыныштылыққа негізделген, әлеуметтік байланыс түрлері жасанды түрде зорлық-зомбылықты қолдайтын патша билігі; б) байлық пен билікке ұмтылыстан туындаған азғындалған пейіл, ол – әлеуметтік байланыстарды құлдырауға ұшыратып, қоғамның ішкі құлауына әкеліп соғады.

Байқап отырсақ, ойшылдың берген сипаттамалары шын мәнінде қазіргі қоғамды ойландыратын өзекті мәселе. Қоғамның құлдырауынан сақтану үшін ойшыл тұжырымдамаларындағы негізгі түсініктер болып табылатын «асабиййа» және «умран» ұғымдарына ерекше мән беруіміз қажет деген пікірдеміз. Бүгінде көптеген ғалымдар «асабиййа» түсінігін қазіргі заманға лайықтап «ұжымдық ынтымақтастық» деп атап көрсетуде. Ойшыл ұғымды түсіндіру барысында Жаратушы адамзат табиғатына жақсылық пен жамандықты енгізіп, екі биіктікті атап көрсетеді. Берік «асабиййа» иеленген тайпа ғана өмір сүре алатындығын дәлелдейді.

Ибн Халдун «жаңа ғылымының» пәні болып «умран» табылады. Ойшыл пайымдауында: «Умран – адамзаттың барлық өмір-салты қамтылатын әлеуметтік өмірі». Бүгінгі әдебиеттерде түсінік «өркениет» немесе «мәдениет» деп аударылады. Дегенмен, «өркениет» пен «мәдениет» ұғымдарының қазіргі таңдағы мағынасы Ибн Халдун айтқан «умран» түсінігіне сәйкес келмейді. Өйткені, «умран» өнім және нәтиже емес, бұл қоғамның өмірлік іс-әрекеті мен тіршілігі. Демек, біздің ойымызша түсінікті «әлеуметтік өмір» дегеніміз дұрыс болар.

Әлішер Науаи [16] да (1441–1501 жж.) өзінің философиялық трактаттарын ізгілікті қоғам құру туралы идеяларымен жалғастырды. Өз дәуірінің үздік қоғам қайраткері және ағартушылықты қолдаған ойшыл діни-сенімнің тексерусіз, зерттеусіз, тек сенімге ғана сүйенген дәлелденбеген қағидаларын жоққа шығарды.

Ойшыл ауқатты отбасынан шықса да, билеушілердің зорлық-зомбылықтарын сынға алып, феодалдарды шаруаларға қысым көрсетпеуге, билеушілерді халық мүддесі үшін қызмет атқаруға шақырды. Халықтың әл-ауқаты, мәдениеттің дамуын қамқорлыққа алатын оқымысты патша

бейнесін дүниеге әкелді. Науаи бойынша патша қатал және табанды, айбынды және жомарт, елдің дұшпандары мен жаулары үшін ызғарлы болуы керек.

Сонымен бірге ойшыл мынадай пікірлерді ұстанады: «Патша қол астындағылардың жағдайын бүкілхалықтық игіліктерді қорғай отырып ойлауы қажет. Патша – «Құдайдың жердегі көлеңкесі; ол Құдайдың көмекшісі». Ол емші де, жауынгер де, кек алушы да».

Еуропалық қоғамдық ойлар дамуының негізі христиандықтың негізгі идеологиялық қағидаларымен тығыз байланысты. Христиандық I ғасырда Рим империясының шығыс провинцияларында пайда болды. Діни сенімнің дамуына байланысты христиандық қауымдастық трансформацияланып, шіркеулік ұйымның негізі қалана бастады. Бұл ұйым уақыт өте келе күрделеніп, иерархиялық сипат иелене бастады.

Күшейген шіркеу қоғамдық өмірде үлкен рөл атқарғандықтан, халық үшін әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша жеке жүйелік ілім қажеттілігі туындады. Биліктің шіркеулік және зайырлы болып бөлінуі байқалғандықтан, шіркеу мен мемлекет қатынастары мәселесі өзекті болып табылды.

Бұл мәселені **Августин** [17] (345–430 жж.) өзінің «Құдай қаласы туралы» [18] еңбегінде қоя білді. Оның идеясы мынаған келеді: адамзаттың барлық тарихы екі патшалықтың – жарық патшалығы (Құдай) мен түнек патшылығы (жын-перілер) күресі тарихынан тұрады. Жердегі Құдайдың жақтастары шіркеуге келу арқылы Құдай қаласын құрады, ал жын-перілер жақтастары зайырлы, жер мемлекетін құрады. Жер мемлекеті адамның өзін-өзі сүюі, эгоизмге негізделеді. Бұл үздіксіз күрес, соғыстар мен қақтығыстар орын алатын күнәлар патшалығы. Шіркеу адамның Құдайға сүйіспеншілігіне сүйенеді. Оның пайымдауынша, қоғамда рухани билік пен шіркеуге басымдық берілуі керек, ал тарихтың мәні әлемдік деңгейдегі христиандықтың жеңісінде.

Адамзат қауымдастығының түрлері мәселесінде ол Цицерон секілді отбасы, мемлекет, тілдер тұтастығы, адамзат қоғамынан тұрады деп тұжырымдады. Сонымен қатар, Құдай мен адамдарды біріктіретін әмбебап қауымдастық туралы да өз пікірлерін білдірді. Ол кейбір пікірлерінде түрлі халықтарды біріктірген әлемдік Рим державасының орнына «халықтар билігіне» сүйенген шағын мемлекеттердің құрылуын қолдады.

Цицеронның мемлекет туралы анықтамасына сәйкес оның түсініктемесі шіркеу ұғымына сай келеді: құқыққа негізделген адамдар одағы әділеттілікпен ұштасса ғана орын алады. Оның бағалауынша, пұтқа табынған римдіктер шынында да халық немесе мемлекет болмады. Өйткені, олар әділеттілікті түсінбеді, жалғыз Құдай мен әділеттілікті ескермеді.

Августин басқару түрлерін жоғарғы билік ұсынған міндеттерге байланысты бөледі. Олардың арасынан негізгілері ретінде Құдай мен адамды құрметтейтін моральды және діни міндеттерді санайды. Осы ұстанымда антика дәуірі философтарының көзқарастарындағы ұғымдарға жаңа түсініктемелер береді. Әділетсіз билеушілер мен әділетсіз халықты тиран, әділетсіз аристократияны сыбайластар тобы деп атайды. Әділеттілік көрінісі болып табылатын құқықты мойындамайтын мемлекетті өлген ел ретінде бағалайды.

Шіркеудің мемлекеттен үстемдігі идеясын қорғай келе, Августин шіркеуді адамзат билігі заңдары құрсауындағы тұтқын ретінде санайды. Сонымен бірге, мемлекеттің шіркеуді қорғау және бәсекелес діндермен күресі құқықтарын мойындайды.

Фома Аквинскийдің [19] (1225–1274 жж.) саяси ілімдері орта ғасырлық діни догмаға негізделген ілімдердің біржола қалыптасуына мүмкіндік берді. Оның «Билеушілердің басқаруы туралы» [20] атты еңбегінде Аристотельдің «Саясат» және «Этика» трактаттарына пікірлер беріледі. Ал оның «Теологияның қосындылары» еңбегі арнайы заң мәселелерін қарастырады.

Ол Аристотельдің адам қоғамдық және саяси жаратылыс идеясын толықтай мойындай келе, адам алғашқыдан бірігіп өмір сүруге дағдыланған, қажеттіліктерін мемлекет арқылы қанағаттандыра алатындығын баяндады. Осының негізінде саяси қауымдастық, мемлекет пайда болады. Мемлекеттің пайда болуын Құдайдың әлемді жарату үдерісімен байланыстырады. Жердегі биліктің барлығы Құдайдан. Құдай тең құқықты адамдардың қоғамдық тобын да жаратты.

Мемлекеттің мақсаты лайықты, жүйелі өмір құруға шарттар жасай отырып, жалпы игіліктер қалыптастыру. Ол лайықты және жүйелі өмірді билеушінің үстемдік ету жағдайы, егіншілер, қол-өнершілер мен саудагерлерге саясаттың араласпауы, Құдайдың мұра ретінде қалдырған билеушілерге бағыныштылық деп түсінеді. Дегенмен, егер зайырлы билік Құдай заңдарын бұзатын болса, бағыныштылар мұндай билікке қарсылық таныта алады.

Ф. Аквинскийдің көзқарасы бойынша, адам христиандық мемлекеттің азаматы ретінде заңдардың төрт түрімен ұшырасады: мәңгі, жаратылыстық, адами және Құдайшыл. Мәңгі заң - бұл бүкіл әлемді басқаратын Құдайшыл сана; бұл заң Құдайда бекітілген және өз бетімен өмір сүреді. Басқа заңдар мәңгіден туындайды және оған бағынышты. Жаратылыстық заң - бұл мәңгі заңдардың адам санасындағы бейнесі. Адами заң күзіретті билік жалпы игіліктерді мақсат тұтқан адамның қалауымен туындайды. Құдайшыл заң - бұл о дүниеде адамды шаттыққа жеткізуді көздейтін Ескі және Жаңа өсиеттің заңдары.

XIV ғасырларда орталықтанған ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен корольдік билік ықпалының өсуіне байланысты шіркеу билігі әлсірей бастады. Бұл мемлекет пен шіркеудің орны мен рөлін талқылауды туындатты және зайырлы биліктің жеке басқарушылық қызметінің жақтастырының санын ұлғайтты. Мұндай ойлар **М. Падуанский** [21] (1275–1342 жж.), **У. Оккамның** [22] (1285–1349 жж.) саяси еңбектерінде көрініс тапты.

Орта ғасырлық схоласт **Марсилиус Падуанский** өзінің «Бейбітшілік қорғаушысы» [23] атты еңбегінде әлемдегі бәле-жалалар мен бақытсыздыққа жауапкершілікті шіркеуге жүктеді. Бұл қателіктер жойылады, бірақ алдағы уақытта шіркеу қызметкерлері тек адамның діни өмірі саласымен айналысу қажеттілігін жеткізді. Шіркеу мемлекеттен бөлініп, зайырлы саяси билікке бағыну қажеттілігін дәйектеді. Оның пікірінше, мұндай билік және мемлекет адамзат ортақ өмірінің күрделенуінен туындады. Алғашында отбасылар жалпы келісімде өмір сүру үшін ру-тайпаға бірікті, кейін осы мақсатпен қалаларға бірікті; соңғы кезең мемлекеттің құрылуымен аяқталды. Мемлекеттің пайда болуы мен табиғаты туралы бұл сипатын Аристотель идеяларынан туындағанын оңай байқауымызға болады.

Ол сол замандарда батыл идея болып табылатын тұжырым – «кез келген биліктің қайнар көзі – халықта» деп ұсынды. Халық қана зайырлы және рухани билікті жүргізе алады, ол егемендікті қорғаушы және жоғарғы заң шығарушы. Дегенмен, халық деп тұжырымдағанда ол мемлекеттің барлық тұрғындарын емес, оның тек сұрыпталған, лайықты бөлігін атады. Ол қоғам мүшелерін екі топқа бөлді: жалпы игілікке қызмет атқаратын – жоғары (әскерилер, дін қызметкерлері, шенеуніктер); жеке мүддесін аялайтын – төменгі (саудагерлер, егіншілер, қолөнершілер).

Мемлекеттік билік заңдарды шығарумен айналысады. Нақты жазалау түрлері немесе нақты марапаттарды белгілейді. Мемлекеттің бұл заңдары діни заңдылықтардан алшағырақ екендігі белгілі. Құқықтанулық заңнамаларды шығаруға халық мүдделі. Осы кезеңдердегі саяси тәжірибеге сәйкес М. Падуанский ойынша халық таңдаулылары ғана заңнаманың негізін қалайды. Заңдар тек халыққа ғана емес, оны шығарушыларға да орындау міндетті саналады.

«Бейбітшілік қорғаушысы» еңбегінің авторы алғаш рет мемлекеттің заң шығарушы және атқарушы биліктері туралы айырмашылықтарды айқындай бастады. Оның пайымдауынша, заң шығарушы билік атқарушы биліктің күзіреттілігі мен ұйымдасуын анықтайды. Атқарушы билік заңнама шығарушылар белгілеген беделге сүйену арқылы заң шеңберінен шықпауы тиіс. Бұл биліктің жан-жақты құрылымдық белгілері болуы мүмкін. Бірақ, олар заң шығарушылар, халық қалауын жүзеге асырулары тиіс. Ол заманауи итальяндық республикалардағы саяси институттар қызметінің тәжірибесін жинақтай келе, сайлау қағидаларын берік ұстану қажеттіліктерін айтады. Тіпті өзі дұрыс көретін мемлекеттік құрылыс монархия шарттарында да бұл қағида жүзеге асырылуы тиіс. Сайланатын монарх, бұл халыққа қажетті билеуші, сондықтан сайланатын монархияның рөлі мұрагерлік монархиядан жоғары.

Орта ғасырлардағы саяси көзқарастардың дамуына және теократиялық ықпалынан арылуына танымал ағылшын философы, логик, саяси жазушы **Уильям Оккам** ерекше ықпал жасады. У. Оккам шығармашылығы схоластиканың дағдарысқа ұшыраған кезеңіне сәйкес келді. Бұл кезеңдердегі рухани даму діни дүниетаным шеңберімен шектелмей, озық ойлы азаматтарды қажет еткен дәуірге сәйкес келді.

Оның көптеген еңбектері қуғыншылық кезеңдеріндегі Мюнхенде жазылды. Мұнда ол «Токсан күннің шығармасы» және «Диалог» трактаттарын жарыққа шығарды. Өмірінің соңғы жылдарында «Папа құдіреттілігі туралы қысқаша әңгіме» және «Императорлар мен епископтар құдіреттілігі туралы» еңбектерін жазды. Бұл еңбектерінде ол теократиялық мұраттардың дағдарысы мен жойылуы, олардың орнын әлеуметтік-саяси саладағы рухани-саяси әмбебаптылықты плюрализм және рухани саланы жекешелік қағидалары алмастырғандығын айқындады.

Өз трактаттарында [24] ол зайырлы және рухани билік өзара байланыстары мәселелері, шіркеудің үстемдігін күшейтуге тырысатын зайырлы билеушілердің орнын зерттеп, зайырлы биліктің рухани биліктен тәуелсіздігін дәлелдеуге тырысты. Ол өз көзқарастарының радикалдылығымен ерекшеленіп, папаның зайырлы мемлекетке деген наразылығына қарсы шықты, Собордағы сайлауды демократиялық жүйе бойынша өткізуді ұсынды. Философиялық талқылаулар негізінде жазылған еңбектері мәселенің «дұрыс» және «бұрыс» жақтарын анықтады.

Қорыта айтқанда, саяси ойлардың идеялық материалдары маңызды болып табылатын күрделі идеологиялық ықпалдастық жүйесінде қалыптасады және дамиды. Саяси теорияларда көрініс табатын ойлар әрдайым тарихи ахуалдарға, мәдениет, әлеуметтік-саяси психологияның даму дәрежесіне сәйкес келеді. Сондықтан саяси теорияларда зерттеушілердің идеялары халықтың дамуына ықпал етуімен қатар, өркениеттің ілгерілеуіне жол ашады.

Зерттеліп отырған кезеңнің саяси идеялары мен теорияларын қарастыру барысында саяси ғылымдар қоғамдық өмірдің теориялық қажеттіліктері мен заманауи идеологияның мәнін түсінуді талап ететін шынайы қажеттіліктермен тығыз байланысты екендігі айқындалды. Осыған байланысты зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде пайдалану арқылы өз тиімділігін әкелетіндігіне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ирвинг Г. Жизнь Магомета. – М.: АСТ, 2010. – 285 с. – ISBN: 978-5-17-066247-0.
- [2] Касымжанов А.Х. Абу-НАСР аль-Фараби. – А., 1997. – 127 с. – ISBN: 5-7667-2600-7.
- [3] Касымжанова А.А. Аль-Фараби и арабо-мусульманская культура. – А.: Домино, 2001. – 156 с. – ISBN: 9965-478-32-5.
- [4] Ардакани Р.Д. Фараби - основоположник исламской философии. – М.: Садра, 2014. – 130 с. – ISBN: 978-5-906016-37-9.
- [5] Иватова Л.М., Насимов М.Ө. Әл-Фараби еңбектерінің қазіргі саяси ғылымдардағы орны // «әл-Фараби: Философия, мәдениет, дін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – А.: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009. - 106-110 бб.
- [6] Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4 – том. Әл-Фараби мен Ибн-Сина философиясы. – А.: Жазушы, 2005. – 480 б. - 177 б. – ISBN: 9965-764-05-0.
- [7] Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А.: Ғылым, 1973. – 446 б. – 220 б.
- [8] аш-Шаами С.А. Слово мудрости имама ал-Газали. – М.: Исток, 2011. – 216 с. – ISBN: 978-5-91847-021-3.
- [9] Сандыбаев Ж. Әбу Хамид әл-Газалидің кемелдік философиясы // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 2009. - №5. - 29-34 бб.
- [10] Гаджиева В. Поэтика в творчестве Низами Гянджеви. – LAP LAMBERT Academic Publishing, 2014. – 296 с. - ISBN: 978-3-659-46310-5.
- [11] Ацамба Ф.М. Социально-экономические воззрения Ибн Хальдуна / Гл. ред. В.Н. Черковец // Всемирная история экономической мысли: в 6 томах. - М.: Мысль, 1987. - Т. I. От зарождения экономической мысли до первых теоретических систем политической жизни. – 660 с. - С. 311-315. – ISBN: 5-244-00038-1.
- [12] Алексеев И.Л. Возвращаясь к Ибн Халдуну // Pax Islamica. – 2008. - №1. - С. 5-14.
- [13] Насимов М.Ө., Паридинова Б.Ж., Қалдыбай Қ.Қ., Абдрасилов Т.Қ. Ибн Халдунның әлеуметтік-саяси көзқарастары // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2016. - №2. – 204-208 бб.
- [14] Ибн Халдун. Введение (ал-Мукаддима). Составление, перевод с арабского и примечания А.В. Смирнова. // Историко-философский ежегодник 2007. – М.: Наука, 2008. – 530 с. - С. 187-217. – ISBN: 978-5-02-035961-1.
- [15] Мейірбаев Б.Б. Араб-мұсылман ойшылдарының әлеуметтік-экономикалық ойлары // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - 2009. - №2 (33). - 76-77 бб.
- [16] Султан И. Книга признаний Навои. – Ташкент: Издательство литературы и искусства им. Гафура Гуляма, 1979. – 327 с. – ISBN: 978-5-9942-0981-3.
- [17] Young DA. (1988) The Contemporary Relevance of Augustine's View of Creation, Perspectives on Science and Christian Faith, 40: 42-45.
- [18] Августин А. Творения. – Т. 4.: О граде Божием. – М., 1998. – 586 с. – ISBN: 5-89329-088-2.
- [19] Бандуровский К.В. Проблемы этики в «Сумме теологии» Фомы Аквинского // Вопросы философии. - 1997. - № 9. - С. 156-162.
- [20] Аквинский Ф. О правлении государей // Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI-XVII вв.). – Л.: Наука, 1990. – 248 с. - С. 217-244. - ISBN 5-02-027277-9.
- [21] Тлепина Ш.В. Защитник государства и реформатор церкви // Право и государство. – 2015. – 4 (69). – С. 104-108.
- [22] Hoffmann R, Minkin VI, Carpenter BK. (1997) Ockham's Razor and Chemistry, HYLE-International Journal for the Philosophy of Chemistry, 3: 3-28.
- [23] Падуанский М. Защитник мира. – М.: Дашков и Ко, 2014, 656 с. – ISBN: 978-5-394-02334-7.
- [24] Оккам У. Избранное. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 272 с. – ISBN: 5-354-00172-2.

REFERENCES

- [1] Irving G. Zhizn' Magomet. M.: AST, 2010. 285 s. ISBN: 978-5-17-066247-0. (in Russ.).
- [2] Kasymzhanov A.H. Abu-NASR al'-Farabi. A., 1997. 127 s. ISBN: 5-7667-2600-7. (in Russ.).
- [3] Kasymzhanova A.A. Al'-Farabi i arabo-musul'manskaja kul'tura. A.: Domino, 2001. 156 s. ISBN: 9965-478-32-5. (in Russ.).
- [4] Ardakani R.D. Farabi - osnovopolozhnik islamskoj filosofii. M.: Sadra, 2014. 130 s. ISBN: 978-5-906016-37-9. (in Russ.).
- [5] Ivatova L.M., Nassimov M.O. Al'-Farabi enbakterinin kazirgi sajasi gylymdardagy orny. al'-Farabi: Filosofija, madeniet, din atty Halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferencija materialdary. Almaty: al'-Farabi atyndagy KazUU, 2009. 106-110 bb. (in Kaz.).
- [6] Alemdik filosofijalyk mura. Zhiyrma tomдық. 4 tom. Al'-Farabi men Ibn-Sina filosofijasy. A.: Zhazushy, 2005. 480 b., 177 b. ISBN: 9965-764-05-0. (in Kaz.).
- [7] Al'-Farabi. Filosofijalyk traktattar. A.: Gylym, 1973. 446 b. 220 b. (in Kaz.).
- [8] ash-Shami S.A. Slovo mudrosti imama al-Gazali. M.: Istok, 2011. 216 s. ISBN: 978-5-91847-021-3. (in Russ.).
- [9] Sandybaev Zh. Abu Hamid al'-Gazalidin kemeldik filosofijasy. *Kazahstan Respublikasy Ul'tyk gylym akademijasynyn Habarlary. Kogamyk gylymdar serijasy*, 2009, 5, 29-34. (in Kaz.).
- [10] Gadzhieva V. Pojetika v tvorcestve Nizami Gjandzhevi. LAP LAMBERT Academic Publishing, 2014. 296 s. ISBN: 978-3-659-46310-5. (in Russ.).
- [11] Acamba F.M. Social'no-jekonomicheskie vozzrenija Ibn Hal'duna. Vsemirnaja istorija jekonomicheskoy mysli: v 6 tomah. M.: Mysl', 1987. T. I. Ot zarozhdenija jekonomicheskoy mysli do pervyh teoreticheskikh sistem politicheskoy zhizni. 660 s., S. 311-315. ISBN: 5-244-00038-1. (in Russ.).
- [12] Alekseev I.L. Vozvrashhajaz' k Ibn Haldunu. *Pax Islamica*, 2008, 1, 5-14. (in Russ.).
- [13] Nassimov M.O., Paridinova B.Zh., Kaldyбай K.K., Abdrasilov T.K. Ibn Haldunnyn aleumettik-sajasi kozkarastary. *Kazahstan Respublikasy Ul'tyk gylym akademijasynyn Habarlary. Kogamyk zhane gumanitaryk gylymdar serijasy*, 2016, 2, 204-208. (in Kaz.).
- [14] Ibn Haldun. Vvedenie (al-Mukaddima). Sostavlenie, perevod s arabskogo i primechanija A.V. Smirnova. Istoriko-filosofskij ezhegodnik 2007. M.: Nauka, 2008. 530 s., S. 187-217. ISBN: 978-5-02-035961-1. (in Russ.).
- [15] Meirbaev B.B. Arab-musylman ojshyldarynyn aleumettik-jekonomikalyk ojlyary. *KazUU Habarshysy. Filosofija, madeniettanu, sajasttanu serijasy*, 2009, 2, 76-77. (in Kaz.).
- [16] Sultan I. Kniga priznanij Navoi. Tashkent: Izdatel'stvo literatury i iskusstva im. Gafura Guljama, 1979. 327 s. ISBN: 978-5-9942-0981-3. (in Russ.).
- [17] Young D.A. The Contemporary Relevance of Augustine's View of Creation. *Perspectives on Science and Christian Faith*, 1988, 40, 42-45. (in Eng.).
- [18] Avgustin A. Tvorenija. T. 4.: O grade Bozhiem. M., 1998. 586 s. ISBN: 5-89329-088-2. (in Russ.).
- [19] Bandurovskij K.V. Problemy jetiki v «Summe teologii» Fomy Akvinskogo. *Voprosy filosofii*, 1997, 9, 156-162. (in Russ.).
- [20] Akvinskij F. O pravlenii gosudarej. Politicheskie struktury jepohi feodalizma v Zapadnoj Evrope (VI–XVII vv.). L.: Nauka, 1990. 248 s. S. 217-244. ISBN 5-02-027277-9. (in Russ.).
- [21] Tlepina Sh.V. Zashhitnik gosudarstva i reformator cerkvi. *Pravo i gosudarstvo*, 2015, 4, 104-108. (in Russ.).
- [22] Hoffmann R, Minkin V.I., Carpenter B.K. Ockham's Razor and Chemistry. *HYLE-International Journal for the Philosophy of Chemistry*, 1997, 3, 3-28. (in Eng.).
- [23] Paduanskij M. Zashhitnik mira. M.: Dashkov i Ko, 2014, 656 s. ISBN: 978-5-394-02334-7. (in Russ.).
- [24] Okkam U. Izbrannoe. M.: Editorial URSS, 2002. 272 s. ISBN: 5-354-00172-2. (in Russ.).

М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова

Университет «Болашақ», Кызылорда, Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКАЯ МЫСЛЬ СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОКА И ЕВРОПЕЙСКОГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Аннотация. Изучение истории мировой политической мысли необходимо не только для лучшего познания нынешней политической жизни, но и для прогнозирования будущего. Потому что знание прошлого дает возможность избежать допусаемых ошибок и просчетов и не повторять их.

Политическая мысль средневековья пронизана заботой о поиске основ устойчивого порядка и умеренных форм правления. В Арабском Востоке, Средней Азии различные учения оправдывали ислам и призвали население повиноваться власти. В трудах известных философов отобразались политические идеи и концепции о государстве и государственном устройстве.

Политическая мысль европейского средневековья характеризовалась зарождением, господством и разложением феодализма и большим влиянием на духовную жизнь общества религии и церкви. Поэтому понимание трудов средневековых мыслителей невозможно без знания основных идеологических постулатов христианства которое стало теоретической основой этого периода развития европейской общественной мысли.

Цель исследования - выяснить основы развития политической мысли средневекового Востока и европейского средневековья, основные ее направления и тенденции, ознакомиться с теориями выдающихся мыслителей того времени. Объектом исследования является политическая мысль средневекового Востока и европейского средневековья. Предметом исследования выступают развитие и основные направления политической мысли средневекового Востока и европейского средневековья.

Ключевые слова: политическая мысль, средневековый Восток, европейское средневековье, основные концепции, представители политической мысли средневекового Востока и европейского средневековья.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 24.05.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
19,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.